

Ж. А. МАСАЛИЕВА

ЕТІСТІКТІҢ БОЛЫМСЫЗДЫҚ КАТЕГОРИЯСЫ

Болымдылық я болымсыздық мағынада айтылу сөздердің барлығына тән ортақ категория. Қазіргі қазақ тілінде етістіктің болымсыздық мәні негізгі екі тәсіл арқылы іске асады: бірі, синтетикалық – етістік негізіне тікелей қосылатын, дыбыс және буын үндестігіне сай түрленетін – *ма* (-*ма*, -*ба*, -*бе*, -*па*, -*пе*) қосымшасының көмегімен; екіншісі, аналитикалық – шақ қосымшалы етістік негізіне *емес*, *жоқ* сөздерінің тіркесуі арқылы. Болымсыздық мағынаның кейде бұл формалардың көмегінсіз контексте және түрліше (бәлки, ықтимал т.б.) шылау сөздерінің, болымсыздық үстеулерінің көмегімен де беруге болады. Мұндай тәсіл айтылған ойдың экспрессивті және модалдық мәнін күшейтеді. Әйтсе де болымсыздық көрсеткіші жоқ етістікті болымды етістік, болымсыздық көрсеткіші барын болымсыз етістік деп атау логикалық қателікке тірейді. Өйткені болымсыздық мағына ешбір болымсыздық көрсеткішінің көмегінсіз интонация арқылы да берілетіндігін естен шығармаған жөн.

Түркі тілдерінде болымсыздық мән етістіктерде арнайы қосымшаның, не сөздің жалғануы, тіркесуі арқылы беріледі. Қазіргі түркі тілдерінің барлығында қолданылатын етістіктің болымсыздық қосымшасы -*ма*. Бұл аффикс әрбір жеке түркі тілінде өзіне тән ерекшеліктер бойынша қолданылады. Мысалы, -*ма*, -*ме*, -*ба*, -*бе*, -*па*, -*пе* (қазақ); -*ма*, -*ме* (әзірбайжан); -*па*, -*по*, -*ба*, -*бо* (алтай); -*па*, -*пе*, -*аа*, -*ае*, -*ма*, -*ме* (тува). Татар, хакас тілдерінде және башқұрт диалектілерінде аффикс құрамындағы дауыстының қысқандануы байқалады. Мысалы, татар тілінде *алми* (алмай), башқұрт тілінде *бармима* (бармай ма?), хакас тілінде *турбин* (тұрмай) және т.б. Көрнекті ғалымдар Н.А.Кононов, Г.И.Рамстед пікірлері болмаса, жалпы тіл білімінде -*ма*, -*ме* этимологиясы туралы айтылған пікірлер жоқтың қасы.

Болымсыздықты білдіретін -*ма* негізінен сөз түбіріне жалғанады. Бірақ бұл форма туынды етістік жасамайды, тек форма тудырушы халдегі қызмет атқарады. Мысалы, *Ол мені тастап кетпей алмай, артына қайта-қайта жалтақтап қарай берді* (М.Иманжанов). *Түсініп болмайды өзін* (Қ.Баялиев).

Қазіргі қазақ тілінде -*ма* тұлғасының күрделі етістік құрамында қолданылуында өзіндік ерекшеліктері байқалады: бірінде болымсыздық қосымшасы жетекші етістікке қосылады: *бермей қойды*; екіншісі, болымсыздық қосымшасы көмекші етістікке қосылады: *шыға берме*; үшінші, болымсыздық қосымшасы жетекші етістікке де, көмекші етістікке де қосылады: *көрмей қоймайды*. Соңғы жағдайда болымсыздық мағына әлсіреп, міндетті түрде орындалатын амал-әрекеттік мән береді. -*ма* қосымшасына екпін түспейді. Ол өзінің осы ерекшелігімен және сөйлемдегі орын тәртібі арқылы өзге қосымшалардан, соның ішінде *ма* сұраулық шылауынан өзгешеленіп тұрады.

Болымсыздық мән беруде -*мас* қосымшасы да қолданылады. Бұл құранды қосымша, -*ма* тұлғасына -*с* осы келер шақ көрсеткішінің жалғануы арқылы жасалған. В.Котвич Н.И.Ашмариннің -*мас* аффиксінің пайда болуын -*мас*, -*ма-с* < *мар*, *ма-р* үлгісімен түсіндіруін дұрыс деп бағалайды [1, 131-132]. Бұл пікірді қуаттай келе Н.А.Баскаков чуваш тілінде *мар* тұлғасы қолданылмайды деген Б.А.Серебренниковтің пікірін жоққа шығарады [2, 132]. Көрнекті түркологтар көрсеткендей, етістіктің келер шағының болымсыз түрі о баста -*мар* тұлғасында қолданылған. Кейінірек, I-II жақта айтылатын -*р* III жақта з дыбысына ауысады. Сөйтіп, түркі тілдерінің дамуы барысындағы *р*~*з*~*с* ауысуы келіп шығады: -*мар*~-*маз*~-*мас*.

Етістіктің болымсыздық мағынасы аналитикалық жолмен *емес* көмекші етістігі арқылы да беріледі. Етістіктің болымсыздық мағынасын беруде *емес* есімше тұлғалы етістіктермен тіркесіп аналитикалық форма құрамында жұмсалады. Бұл тұлғаның сөз таптарына қатысын анықтауда түркі тіл білімінде түрліше пікірлер айтылып жүр. Өзбек тілінде *емес* шылаулар қатарында қарастырылса [3, 381-388], тофалар тілінде *эмес*, *эмээн* формалары айтылған ойға болымсыздық мән үстейтін «модалдік демеулік» деп топтастырады [4, 234]. Түркі тілдері тарихына тиісті материалдардан бұл форманың *ермер*, *ермез* (*эр* – түбірі, -*ма* – болымсыздық қосымшасы, -*р* - келер шақ көрсеткіші) формасында қолданылғандығы белгілі.

Кейінірек *p~з~с* дыбыс алмасуы және *ep*- түбіріндегі дауыссыздың түсуі нәтижесінде *емес* тұлғасында сақталған. Кей туыс тілдерде, мысалы, өзбек тілі диалектілерінде, қарайым және чуваш тілдерінде алғашқы *e* дыбысының түсуі нәтижесінде *-мяс*, *-мар* формаларында қолданылады. А.Н.Кононов *амаз~армаз//амас~армас* сөзінің этимологиясын зерттей келе, оны *a/ap-мак* етістігінен шыққан деп есептейді [5, 97]. Орхон-Енисей жазбаларында бұл форма қолданылмайды. Онда болымсыздық мағына *-ма* қосымшасы, *жоқ*, *түгіл* сөздерінің көмегімен беріледі. Тек бертін келе «Алтын жарық», «Құтты білімде» болымсыздық формасы *армас*, *армаз* түрінде ұшырасады. М.Қашқари сөздігінде *армас* болымсыздық мән беретін тұлға ретінде анықталады. Мұндай мағыналық қолданыс «Тефсир», Шығыс Түркістан жазбалары тілінде де бар. *Емес* тұлғасының табиғатын айқындауда бірізділік жоқ. Көне жазбалар тіліндегі қолданысына қарай кей ғалымдар *емес* сөзін осы келер шақтық тұлға [6,82] деп таниды. Бұл етістік құрамындағы *-с* қосымшасының мағынасымен байланысты айтылған пікір болуы керек. Орта ғасыр ескерткіштері тілінде *армаз* болымсыздық мән беретін тұлға ретінде орын алған. М.Балақаевтың «Қазіргі қазақ тілі грамматикасының кейбір мәселелері» еңбегінде *еш*, *жоқ*, *емес*, *ма*, *ме* болымсыздық үстеулері деген атаумен топтастырылған [7, 45]. Тек кейінгі кездері ғана бұл сөз етістіктің құрамында толымсыз көмекші етістік деген атпен қарастырылып жүр [8, 248-250; 9, 135-137].

Кей түркологтар *емес* толымсыз көмекші етістігінің бір формасы ретінде *емей* сөзін де қосып жүр. «Алтай тілі грамматикасы» авторлары «*Емей* отрицательная форма существительного глагола *емес*» деген анықтама береді [10, 476]. Қ.Жұбанов қазақ тіліндегі *e*- етістігін қолданысына қарай «*жиекше - еді*, өткен шақ тел есімше — *екен*, келер шақ болжалды тел, болымсыз — *емес*, дағдылы көсемше — *емей*» деп саралай көрсетеді [11, 347]. Ы.Маманов та *емей* тұлғасының *e*- етістігінен қалыптасқандығын, бірақ қазіргі тілдік жүйеде бұл форманың морфологиялық түрлену қабілетін жоғалтып, тек дыбыстық құрамын ғана сақтағандығы жөнінде мәлімет береді [12, 88]. *Емей*, *емес* тұлғаларының шығу төркіні бір болғанымен мағынасы мен қолданылуында ерекшеліктер бар. *Емес* есім сөздер мен етістіктерге тіркесіп, болымсыздық мән беруде өнімді қолданылады, өрі бұл тұлғаның бойында сенімділік, нақтылық реңк басым. Ал *емей* тұлға-

сына күмән, сенімсіздік, болжау мағынасы тән. Салыстырыңыз, *Әңгіме деген Ережеске бұйым емес* (Ә.Әбішев). *Енді қазақ болған соң, нағыз емей...* (Н.Қазыбек).

Болымсыздық мән беруде қолданылатын тағы бір тұлға *жоқ* сөзі. Бірді-екілі дыбыстық өзгерісте айтылғаны болмаса, туыс тілдердің барлығында қолданылады және семантикалық жағынан болсын, синтаксистік қызметі жағынан болсын, сол тілдердің барлығында бірдей болып келеді. *Жоқ* — амал-әрекет не заттың белгілі бір белгісінің жоқ екендігін көрсететін, өзіндік лексикалық мағынасы бар дербес сөз. Оның бойындағы мұндай қасиет көне жазбалардан бері сақталған. Грамматикалық оқулықтарда айтылған бірді-екілі шағын пікірлер болмаса, *жоқ* сөзі арнайы зерттелмеген. Сондықтан да оның сөз таптары жүйесінде алатын орнын айқындауды болсын, синтаксистік функциясын ашуда да болсын ғалымдар арасында бірізділік жоқ. Көпшілік түркологтар оны есімдер тобына қосса, енді бірі етістік, модаль сөз ретінде қарастырады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «болымсыз түрде айтылатын жауап» деген анықтама беріліп, сөз табы жағынан зат есімге жатқызады [13,93]. *Жоқ* сөзі *емес* сияқты зат есімдер мен етістіктердің болымсыздығын білдіру үшін қолданылады. Етістіктер жүйесінде *жоқ* тек бұрынғы өткен шақтың болымсыздық формасын жасайды, ал өзге етістік тұлғаларымен тіркеспейді. Мұндай қолданыс — *ған* (*-ген*, *-қан*, *-кен*) есімшесінің бойындағы нақтылық, сенімділік мән білдіру ерекшелігімен байланысты болса керек. *Жоқ* өткен шақтағы амал-әрекеттің іске аспағанын, болмағанын білдіреді. Мысалы, *Қоспан Байеділ сөзінің ар жағын тыңдаған жоқ, бәрі белгілі* (Т.Ахтанов). *Әлі де сол мінезін тастай қойған жоқ* (Ғ.Мұстафин).

Тіл заңдылығы бойынша бірдей қызмет атқаратын тұлғалар болмайды. Олар не формасы жағынан, не мағынасы жағынан бір-бірінен ерекшеленіп тұруы тиіс. Мұндай ерекшелік болымсыздық мағына беруші тұлғалардың (*-ма*, *емес*, *жоқ*, *емей*) қолданысында да байқалады, өрі нәзік грамматикалық мәніне қарай сараланып, стильдік талғамға ие.

ӘДЕБИЕТ

1. Котвич В. Исследования по алтайским языкам. М., 1959.
2. Баскаков Н.А. Ногайский язык и его диалекты. М.-Л., 1940.

3. Хозирги замон узбек тили. Тошкент, 1957.
4. *Рассадин В.И.* Морфология тофаларского языка в сравнительном освещении. М., 1978.
5. *Кононов А.Н.* Этимология слова *daril* “не есть”, “не”. Советское востоковедение. VI. М.-Л., 1949.
6. *Мелиоранский П.М.* Краткая грамматика казах-киргизского языка. СПб., 1897. Ч.1.
7. *Балақаев М.* Қазақ тілі грамматикасының кейбір мәселелері. Алматы, 1941.
8. *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1991.
9. *Оразов М.* Көмекші сөздер. 2-кітап. А., 1997.
10. Грамматика алтайского языка (составленные членами Алтайской миссии). Казань, 1869.
11. *Жұбанов Қ.* Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966.
12. *Маманов И.* Вспомогательные глаголы в казахском языке. Алма-Ата, 1949.
13. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.